

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қыркүйектегі N 967 қаулысы

Республика аумағында террористік актілердің және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністерін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 300200000 (үш жүз миллион екі жүз мың) теңге мыналарға:

жалпы сомасы 200200000 (екі жүз миллион екі жүз мың) теңге, саны 5 бірлік автобронетехника (БТР-90, Т-5 транспортері, КАМАЗ), сондай-ақ қару-жарак пен о қ - д ә р і с а т ы п а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сұңқар" арнайы мақсаттағы бөлімшесінің ғимараты мен құрылыстарын қайта жаңартуға 100000000 (бір жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілімен көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен қ ы з м е т т е р д і с а т ы п а л у д ы ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі